

## «ҚЫЗ» ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТІСІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚ, БАШҚҰРТ, ТАТАР ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Шоқым Г.Т.<sup>1</sup>, \*Буранкулова Ә.Т.<sup>2</sup>, Мұратбек Б.Қ.<sup>3</sup>

<sup>1, \*2,3</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе,  
Қазақстан

**Аңдатпа.** Гендерлік лингвистикадағы қазіргі таңда зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі «қыз» концептісі. Мақаланың мақсаты - қыздардың қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын, оны сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындау, «қыз» концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысында түсіндіру және қазақ, башқұрт, татар тілдеріндегі «қыз» гендерлік концептісін зерделеу, үш тілге ортақ бірліктерді анықтау. Тілді зерттеудің антропоэзектік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғатын ашумен тікелей байланысты екені мәлім. Ұсынылып отырған мақалада «қыз» гендерлік концептісі және осы мәселеге қатысты қалыптасқан тұжырымдар талданады. Мақаланың ғылыми маңыздылығы «қыз» гендерлік концептісіне қатысты теориялық тұжырымдарды өзара салыстырып, практикалық деңгейде деректерді талдау арқылы негіздеуінен көрінеді. Мақалада көтерілген мәселелерді талдауда ресейлік, қазақстандық ғалымдар зерттеулері мен тұжырымдарына сүйенілді. Зерттеу мәтінді лингвистикалық талдау әдісі арқылы, диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттама, семантикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік талдау, жүйелеу, топтастыру әдістері арқылы жүргізілді. Мақаланың негізгі қорытындысында «қыз» гендерлік концептісін нақты мысалмен түсіндірілді.

Мақаланың құндылығы мазмұны мен негізгі тұжырымдарының гендерлік лингвистика бағытындағы зерттеулерге материал бола алатындығымен анықталады. Практикалық маңыздылығы талдау үлгілерінің көрсетілуімен, татар, башқұрт, қазақ тіліне ортақ бірліктерді анықтаумен байланысты. Мақалада татар, қазақ, башқұрт тілдерінде «қыз» концептісіне қатысты қолданылатын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жинақталып, олардың ұлттық танымға қатысы талданды.

**Тірек сөздер:** ұлттық таным, концепт, ғаламның тілдік бейнесі, гендерлік лингвистика, фразеологизм, макроконцепті, микроконцепт, антропоэзектік

### Кіріспе

Антропоэзектік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. Осы аталған ұғымдардың барлығы гендерлік таптаурындарда, ал гендерлік таптаурындар мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, теңеулерде, туыстық атауларда көрініс табады.

Қазақ тіл білімінде соңғы кездері антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің арасында тіл мәселелерін гендерлік лингвистика аясында қарастырған еңбектер көбейген. Оларға Б.Хасанұлы, Г.Мамаева, Қ.Жанатаев, Г.Шоқым, М.Ешимовтің т.б. зерттеулерін, ал Ресей және шетелдік ғалымдар қатарына А.В.Кирилина, Е.И.Горошко, И.И.Халеева, Дж.Коатс, Х.Коттхофф, Д.Камерон,

Д.Таннен, Б.Барон, К.Уэст, Д. Зиммерман және т.б. ғалымдарды жатқызуға болады.

Концепт – ұлттық болмысқа негізделген ұжымдық және тұлғалық санадағы ақпараттар бірлігі ретінде танымдық лингвистиканың басты ұғымы болып табылады. Ол зерттеудің түрлі қырларына қарай лингвомәдениеттану, психолінгвистика және когнитивті лингвистикада жан-жақты қарастырылуда. Қазақ тіл білімінде концепт теориясы мен құрылымдары біршама зерттелді. Концепт теориясы қазақ тілі лингвистикасында Г.Снасапова, Ш.Елемесова, М. Күштаева, С. Жапақов, А. Әмірбекова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жан жақты қарастырылған. Түрік тілтанымында фразеологизмдер лексико-грамматикалық, семантикалық тұрғыдан зерттеудің объектісі болды, алайда гендерлік таптаурынның лингвомәдени тұрғыдағы терең зертеулерді әлі де қажет етеді. Аталған мәселе бойынша А.В. Кириллина, Е.С. Бадмаева, В.С. Самарина, Д.А. Турдиева, О.Ю. Суралева, М.Н. Мукова, М.Н. Варикаш секілді ғалымдардың бірқатар жұмыстары бар.

Кез келген қоғамда әйел мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Әйел мәселесі қоғамдық ғылымдардың арасында, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты біраз зерттелген. Біз мақаламызда түркі тілдес халықтардың әлемдік тілдік бейнесіндегі «қыз» концептісін салыстырмалы түрде қарастырдық.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу барысында диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттама, семантикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік талдау, жүйелеу, топтастыру әдістері қолданылды. Зерттеу аясында тарихи-мәдени материалдар жинақталып, этимологиялық түсіндірулер, этнолингвистикалық талдаулар жүргізілді. Қазақ, башқұрт, татар тілдерін салыстыру арқылы олардың тілдік тарихтағы, мәдениетіндегі ұқсас тұстары салыстыру және салғастыру әдістері арқылы көрсетілді.

### **Нәтижелер және талқылау**

А.Байғұтованың "Қазақ әйелі" концептісінің этномәдени сипаты деген еңбегінде ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған әйел концептісі арқылы дәлелдеуге талпыныс жасалған. Ол *"қазақ әйелі" макроконцептісін бірнеше микроконцептілерге бөліп қарастырады, оның ішінде "Қыз" концептісін [1]:*

*Қылышы өткір ұлыстың қызы да өткір,*

*Сүймейді сені алдымен жылатып алмай (Ж.Жақыпбаев);*

*Құдықтай тұнық суы тартылмаған Торғын да торғын шаштары тобық көметін Тоты қыздарға деуші едік, шіркін, үйленсек;*

*Қыздың беті - қызарып піскен алма,*

*Күннің нұрын уылжып ішкен ол да;*

*Қыз дегенің - өмірдің қызғалдағы,*

*Қылықтылар аз ба екен қыздандағы?..* (И. Сапарбай), деген өлең жолдары арқылы көрсетеді.

«Әйел» концептісінен бөлек қазақ қоғамындағы қыз баланың дүниеге келуінен бастап, бойжеткенге дейінгі өмірін «қыз» концептісі төңірегінде басқа түркі тілдерімен салыстыра отыра зерттеу мақаланың ерекшелігін айқындайды.

Қай халықтың болмасын қыз балаға қатысты барлық салты тілде әр түрлі номинативті атаулардан, әсіресе фразеологизмдерден, мақал-мәтелдерден және теңеулерден көрініс тапқан. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде кездесетін тұрақты тіркестерді пайдалана отырып, біз әр тұрақты тіркеске анықтама беріп, талдау жасадық. Бірінші, біз *қыз* сөзінің шығу төркіні мен мағынасына тоқталдық.

Қазақ тілінің, жалпы түркі тілдерінің түп-тамырын VI-VIII ғасырларда жазылған тастағы таңбалардан іздейтініміз хақ. Орхон-енисей ескерткіштерінде «қыз» сөзі осы күнгі мағынасында, түркі тілінде «giz» (қыз) болып кездеседі. Махмұд Қашқари еңбегіне де көңіл аудардық. Үш кітаптан тұратын «Түркі тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ат-түрік») атты ғылыми мұрасында ғұлама Орта Азия мен Қазақстанға қатысты мағлұматтарды түгелдей теріп көрсеткен. Диуани лұғат ат-түрік» XI ғасырда Қарахан дәуірінде жазылған мұра. Бұл еңбекте «қыз» сөзіне байланысты мынадай мағыналар қамтылған: қыз – қымбат (1, 315-9; ар. 274-4); қыз – қызметші әйел (1, 315-11; ар. 274-6); қыз – қыз. (1. 315-12,277-27; ар.274.235-13). Осының өзінен «қыз» сөзінің бірнеше мағынаны білдіргені көрініп тұр [2]. Осы сөздікте «ана», «балдыз» сияқты қазақ тіліндегі нұсқасы берілген.

М.Қашқари сөздігінде *қыз* сөзіне «менің қызым, ев қызы (үй қызы, үйде отырған қыз), иінішке қыз (бойжеткен қыз)» сөздерін мысалға алып, «бұл сөз басы азат қыздарға қолданылған секілді, сатып алынған күң қыздарға да қолданылады. Әсілінде, бойжеткен, әйтсе де тұрмысқа шықпаған, жат жұрттық болмаған қыз дегенді білдіреді» [1, 385 б.].

Көне түркі тілінен мысалдар: *Өрүң күмүс қыз-құдыз егіртебі ағы буңсыз келүрті* деген ақ күміс қыз-қырқын бағалы қымбат мүліктер есепсіз келіп жатты дегенді білдіреді.

Қазақ тілінде *қыз* сөзі «әйел бала, сәби, күйеуге тимеген бойжеткен, жігіттің көңіл қосқан, жүріп жүрген адамы, қалыңдық» мағыналарында қолданылады [2, 225 б.].

Ал, Ә.Ибатов зерттеуіндегі XIII-XIV ғ.ғ. жазылған Құтыбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігінде «қыз» сөзі – кездеседі [3]. Ғалым Ә.Құрышжановтың еңбегінде, орта ғасырдағы «Китаби – меджумчи» жазба ескерткіштерінің сөздігін жасай отырып, «қыз» сөзін осы жазба жәдігерлікте кездестіреді. Одан қыз – дочь,девушка; қыз оғлан – девушка; қыз-қарындаш - сестра мағынасында, яғни қазіргі қазақ тіліндегі «қыз» сөзінің мағынасының өзгермеген қалпында пайдаланғанын көруге болады [4].

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «қыз» – 1.Ұрғашы жынысты сәби. әйел бала. Әйелтапты. 2.Балиғатқа толған қыз бала; бойжеткен. «Қыз» сөзінің этимологиясын әрі қарай қарастырсақ, «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа

катысты деректер» атты тарихи еңбекте «Қыз» (гиасы) – «ханша» дегеннің орнына қолданылатын сөз. Ежелден хан-патша, тегі-тектілердің қыздары «қыз» деп аталып, қара халықтың қыздары «қырқын» делінген» – деп анықтама береді [7].

Қыз сөзінің көне түркі және қазіргі көптеген түркі тілдеріндегі сипаты қыз, кыз қолданыстарымен қоса гыз (әзербайжан, түрікмен), киз (өзбек, ұйғыр), кыс (алтай, гагауз, тува), кыыс (якут), хыс (хақас), хер (чуваш) түрінде кездеседі.

Мысалы: *Сиз ханның қол-қанаты (ноғай) - эки канатын эки увылына береді деген мағынаны білдіреді. Сіздер ханның қолғанаты екі қанатын екі ұлына берді деген мағынаны білдіреді. Сиз ханның эки аягы, - деп эки кызына эки аягын береді. Сіздер - ханның екі аягы* деген екі қызына екі сирағын берді дегенді білдіреді. *Маторлы балық аулау кемелерин көбейту ушын хаял-қызларды оқытажақбыз (қарақ.). Эргя кайтарылырэд бурунгу кыз (қарайым) күйеуге үлкен қыз шығады.*

Чуваш тіліндегі *қыз* сөзінің *хер* түріндегі мағынасы басқа түркі тілдеріндегі *з* дыбысының орнына аталған тілде *р* дыбысының қолданылуы. Себебі чуваш тілінің басқа түркі тілдерінен ерекшелейтін сәйкестіктер ретінде түркітанушылар *ш, с-л, з-р* сәйкестіктерін айтады және бұл мәселе бұлғар тобының басқа тілдерден айыратын критерий сипатында да қолданылады. Бұған басқа түркі тілдеріндегі *буз/муз/боз* сөздерінің чуваш тілінде *пар, қадың/қазың/қайың* сөздерінің *хуран,* *қыс/қыш* сөздерінің *хел,* *есік/ешік* сөздерінің *алак, бес/беш* сөздерінің *бел* түрінде қолданылуы мысал бола алады.

*Қыз* сөзінің барлық түркі тілдерінде мағынасы бірдей болғанымен, тува тілінде «ұрғашы» мағынасында қолданылады да, мағынасы *уруу* сөзі арқылы беріледі. *Уруу* сөзі көне түркілік *уруғ* (род, племя, родство) сөзімен төркіндес [5, 17-18 б.].

Гендерлік асимметриялардың осы тәріздес үлгілерін башқұрт тілінен де кездестіреміз. Халық санасында қыздың жасы мен күйеуге шығып, тұрмыс құру кезеңдерін қамтитын әр түрлі аталымдар қалыптасқан: *ускән қыз* – кәмелет жасына келген қыз, *еткән қыз* – толысқан, *бойжеткен қыз*, *кейәугә бирерлек қыз* – күйеуге шығатын қыз. Кәмелетке жетіп, толысқан шағында *қыз тұрмыс құрмаса* онда *қарт қыз*, *ултырып қыз* (отырып қалған қыз) категориясына жатқызады. Күйеуге шыққаннан кейінгі ересек шағын қатын (әйел, жұбай, зайып), қартайған кезін *эбей*, қарсық атауларымен білдірген [6, 348 б.].

Татар мақал-мәтелдерінде *қыз* термині екі мағынада қолданылады: 1) *қыз бала*, 2) *жас қыз және кәрі қыз* (қарт (утырған) қыз). «Уналтыда қыз — солтан, унцидэдэ қыз - чулпан, егермедэ - голбостан» (татар тілінде) (*Оналтыда қыз – сұлтан, он үште - шолпан, жиырмада - гүлстан*) (қазақ тілінде) деп қыздарды патшайымға, жұлдыздарға, гүл бағына теңейді. Ал кәрі қыздарға деген шетін қарым-қатынасты қазақ тілінде де кездесетін «Отырған қыз орнын табар» мақалының татар тіліндегі баламасы «Утырған қыз урынлы булыр» мақалынан көруге болады.

## Қыз тәрбиесі

Қазақ халқы дүниеге бір перзент келсе, тек сол перзент келген отбасы ғана емес, бүкіл ауыл, ел-жұрт, туыс-туған түгел мәре-сәре қуанып, шашу апарып, «бауы берік болсын» айтуды кісілік парызы санайды.

Дүниеге келген ұл болса:

– Айдарын жел есіп,

Ат ойнатар ер болсын.

Маңдайынан күн сүйіп, Ақыл-ойы мол болсын! –

деп жақсы мінез, жарасымды қасиеттер даурын тілейді.

Ал, дүниеге келген перзент қыз болса, онда:

– Жүзі Айдай жарқырап,

Ауылға болсын өнеге.

Болып елге шамшырақ, Жетік болсын өнерге! - деп оның ақылды, білімді, көрікті, өнерлі болуын тілейді. Бұл – өмірге жаңа ұрпақ әкелген ана мен өмір есігін алғаш ашқан перзентке деген құрмет пен игі тілек. Сондай-ақ, адамдар арасындағы достық пен береке-бірлікті артыратын өнеге [7, 3 б.].

Татар мақалдарында ер баланы ұрпақ жалғастырушы, мұрагер, үйдің иесі ретінде қыз баладан жоғары қояды. Ир бала унбиште (ғей хужасы/

Он үш жас – отау иесі;/ Қыз тапқанға ай туган, ул тапқанға кәен туган /

Қыз туғанда – түн туады, ұл туғанда – күн туады/).

Татар халқында ұл балаға қарағанда қыз баланың ата-анасына жақын болатындығын мына мақалдан байқауға болады: Мысалы: «Уллы кеше - урта бай, кызы кеше - кызыл бай» (татар тілінде) (Ұлды кісі – орта бай, қызды кісі – кызыл бай) (қазақ тілінде).

Енді осы бөліністердегі қыз бейнесінен бастасақ. Қыз – нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесі тұтас ұлтқа әсерін тигізетінін айтады. «Қызға қырық үйден тию» деген мақалдың астарында қыз абыройы, өскен ортасының абыройы деген мән жатыр.

«Атадан ұл қалғаны - өзі қалғаны, қыз қалса - ізі қалғаны» деп айтпақшы қазақ халқы болашақ жар, ана болатын қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Оны алдын ала жеке өмірге дайындап, тұрмысқа бейімдеп тәрбиелеген. Тұрмысқа шығарда қызға арнап әр түрлі әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді ұстап отырған. Сол салт-дәстүрлер ана тілімізде тіркестер арқылы сөздік қорымызды байытып отыр. Халықтың қыз балаға қатысты барлық салты тілде әр түрлі номинативті атаулардан, әсіресе фразеологизмдерден көрініс тапқан.

Қыз – тұрмысқа шықпаған, әке үйінде оң жақта отырған бойжеткен. Қазақ тұрмысында бойжетіп, кәмелетке толғанға дейін де қызды *қыз бала*, *қыз* деп атай береді. Тіпті қартайған шағында да дәстүр бойынша төркін жұртына келген әйелдің *қыз* аты қалмайды.

Әке үйінде жүрген *қыз* – *қонақ* деп, оны жарасты киіндіріп, күйеуге ұзатылғанша төрге таман оң жақтан орын береді. Ауыл арасындағы жиын тойға барса, қасында қыз жеңгелері болып, көзден таса қылмайды.

Әдетте әйелі босанған үйден ауылдастары «ұл» ма, «қыз» ба деп сұрайды. Қыз болса, тұспал сөзбен «*кесте төгер*», ал ұл болса, «*ат ұстар*» дейді.

Ондайда этикеттік норма бойынша *қыз өріс, өрістерің кеңейсін, бауы берік, жасы ұзақ болсын* деп, түзу тілегін білдіреді.

Қыз әуелде ана бауырында отбасы тәрбиесінде болады. Оған ұлдан өзгеше тәрбие береді. Киімі де, ойнайтын ойыны да, ұлдан өзгешелеу болады. Қыз көбіне қуыршақпен ойнағанды тәуір көреді, анасына еліктейді. Сөйлеген сөзі де, қылығы да ұлдан басқашалау көрінеді. Сөйтіп, ана бауырында үй тәрбиесінде жүрген қыз әлеуметтене бастайды да, гендерлік жақтан өзгешеліктері ойын баласы кезінен-ақ айқындала түседі. Қазақ халқы «*қызын қызыл гүлім*» деп еркелеткен. Қуыршақ ойнай жүріп, қыз бала ине-жіпке, кесте тігу, шілтер тоқуға үйір болады, ара-тұра бөпесін ойнату, су әкелу, дастархан жаю сияқты жеңіл-желпі жұмыстарға араласып, үй шаруасына қажетті дағдылары мен икемділігін арттыра береді, дегенмен халықтық тәрбиеде ешуақытта қызды ертеден кешке дейін шаруаға салып қоймайды. Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қыз бала кішкене кезінен әйел затына қатысты этикалық нормалар мен ырым-тыйымдармен танысып, қоғам талабына сай тәрбиеленеді. Үй шаруасына араласып, үлкендерге еліктеу арқылы еңбекке баулынады. Киіз басу, киім тігу, кілем-өрмек тоқу, тері-жүнді жарату, құрт қайнату, май шайқау, сақар қайнату сияқты жұмыстарға жасайтынын тартылып, қолқабыс жасау арқылы бойжеткенді арнайы дайындықты қажет ететін осындай шаруашылық түрлерін толықтай игеретін. Көптеген түркі халықтарына ортақ «*Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер*»... мәтелі осы бала тәрбиесіне қатысты айтылған. Қыз қой сауу, арқан есе білу, кілем тоқып, кесте тігу, қонаққа шай құю т.б. үй шаруасына үйреніп, жарасты сөзге, ашық-жарқын жүруге, әдемі әзілге де үйренеді. Қазақ өлкесін алғаш зерттеушілерінің бірі А.И.Левшин қазақтардың қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетінін айта келіп, қазақтардың қыздарды оқытуға, түрлі қол өнерін үйретуге, ою-өрнек, шілтер тоқуға, ас даярлауға жастайынан бейімдейтінін атап көрсетеді [8].

«Қызым, саған айтам, келінім сен тыңда / қызым, сиңә әйтәм, киленем, син тыңла» татар халқына ортақ мына мақалда түркі халықтарының қыз тәрбиесінде ұқсас қағидаттарды ұстанатындығын байқауға болады.

Қазақ халқында қыздар арасында яғни қыз бойжетіп кәмелетке жасқа толып 13 жасқа келгенде өзінің тәрбиелілігін, білімділігін, өнерлілігін, іскерлігін көрсету мақсатында қыздар арасында қыз сыны байқауларына қатысқан. «Ақылды, білімді қыз» деп жақсы-жаман істердің барлығын ақыл-біліммен жөнге салып, айбарлы жау, күрделі дауларды, дүлей күштерді ақылмен ауыздықтап, біліммен бұғаулап, ақыл-парасаты мен білімін жалпақ жұртқа танытып, өз қадір-қасиеті мен ар-намысын ешкімге таптатпайтын, ана-тілін ардақтап, салт-дәстүрін қастерлейтін, береке-бірліктің ұйтқысы, ауыл-аймақтың көркі, ел-жұрттың мақтанышы болатын қыздарды айтады. Ондай қыздарға ауылдағы барша қыз еліктеп, олардан үлгі-өнеге алуға талпынады.

Бойжеткен – кәмелетке толған, ержеткен қыз. Қыз бойжеткенде жаңа әлеуметтік сатыға көтеріліп, ересектер санатына қосылады, осыған орай оған деген талап, міндеттер де өзгеше болады. Бойжеткеннің киім киісінде, жүріс

тұрысында жыныстық белгілер (гендерлік ерекшеліктер) айқындалып өзгереді.

Қазақтар үйде қыз өсіп бой жеткенде оларға ерекше сыймен қараған. Қазақы ортада жеңгелері қайын сіңілілеріне «ерқайым», «боташым», «шашбаулым», «күлімкөз» деп еркелетіп жанама ат қойып өмірдің қыр сыры мен адам аралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіріп болашақ тұрмыстық өмірге дайындайтын. Сонымен қатар, қазақ қыздарына Сұлушан, Алтыншаш, Қарашаш, Айсулу, Нұрсулу деген ерекше есімдерді қоя білген. Осындай есімдермен атау себебі қыздарды, сұлу болсын, көркем болсын, ай және күнмен теңестірген.

Сайып келгенде, бойжеткен болашақ ана, отбасының ұйытқысы тіпті рулы елдің анасы болатындықтан оның тәлім-тәрбиесі, адами парқы, жан сұлулығы, шаруаға икемділігі оның ортасына, ата-анасына үлкен міндет артатын парыз болды. Әлбетте мұндай жағдайда, елі мәпелеген қызының мінез-құлқының қыз балаға тән болуына, пәктігіне ерекше көңіл бөліп, тәрбиелейтін. Құда түсетін жақ та *«ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады»*, *«шешесін көр де қызын ал»* деп бойжеткеннің шыққан ортасына үлкен мән беретін болған.

Сонымен, бойжеткен дегеніміз ерке мінезді, оң-солын білетін, инабатты, жібек мінезді, үлкен кішіні сыйлайтын балиғатқа толған қыз бала.

Байырғы қазақ қоғамында қыз бала бір ғана шаңырақтың қызы ғана емес, туыстығы өте жақын бірнеше әулеттің, ауылдың қызы болып өседі. Осыған байланысты қыз тәрбиесі бір ғана шаңырақ тәрбиесі шеңберінде емес, әулеттің, ауылдың тәрбиесін көріп өседі. Ұлға қарағанда қызды аялап, мәпелеп ұстайды, еркін өсіреді. Ана бауырында ойын баласы болып өсіп келе жатқан қыз уақыт өте келе жеңгелерінің ішінде әсіресе біреуіне жақын жүреді. Бой жете келе өзін жақын тартқан қадірлі жеңгесімен сырлас та болып кетеді. Бой жетіп келе жатқан қызды туыс-туғандары, аға-жеңгелері ауылдас ағайын туыстары көзден де, көңілден де таса қылмайды. Қызды құрметтей отырып, әдеп жолдарын үйретеді. Әулет болып әлпештеп өсірген қыз сол елдің мақтанышы, абыройы болып, *қыз өссе елдің көркі* саналады.

### **Қыз сұлулығы**

*Қыз өссе, елдің көркі, гүл – өссе, жердің көркі»* дегендей сырт қарағанда алдымен қыз ажары көзге бірден шалынады. Сұлулыққа, әсемдік, әдемілікке құштарлық адам баласының әуелдегі табиғи болмысына, табиғатына тән ерекшелік.

Халықтаң басынан өткен, өмір шындығына сай туған, талай дәуірден елес беретін тіл қазынасы фразеологизмдерде қыз сұлулығын бейнелейтін гендерлік образды тіркестер мол қамтылған [9].

Қызға әдетте сұлулық пен әсемдік тән. Тұрақты сөз тіркестерінің басым көпшілігі қыздың сұлулығын, жан-дүние, сезім-күй, мінез-құлық әдептілігін дәріптеген: *күлім көз, құралай көз, қалам қас, қизаиш қас, қаймақ ауыз, оймақ ауыз, алма бет, ақша маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, бұраң бел, ауызға үріп салғандай, жамалына көз алмасты, атқан таңдай, хор қызындай, айдай сұлу, айдай таза, күндей нұрлы, кірпік астынан көз тастады, көзін*

*сүздісалиқалы қыз, он екі де бір гүлі ашылмаған, наз көрсетті, т.б. Ашық жүз, ақша маңдай, күлім көз, оймақ ауыз, қызғаш қас, кербез кеуде, қос алма күлім көз, жұмыр мойын, алма мойын, ақ тамақ, тік иық, қыпша бел, нәзік бел, қолаң шаш, бұраң бел, білектей бұрым* т.б. қыз сұлулығына қатысты халықтың эстетикалық танымындағы тұрақты нанымдар да жиі кездеседі. Сондай-ақ қыз сұлулығының ерекше бір қыры майда тіл, сөз әдебімен, майдай мінезімен, жайдары көңілімен, ашық мінезімен, епті сөзімен т.б. сапаларымен бағаланады. Бұл нышандар халық санасындағы қыз сұлулығының ішкі әлемінің, жан дүниесінің ажары.

Гендерлік фразеологизмдердің келесі бір тобы қызды бойжеткен, қалыңдық (*жігіттің көңіл қосқан сүйген адамы, жүріп жүрген қызы*) бейнесінде дараландырған. Мысалы: *айттырған қыз, ақ шымылдық (жас ару мүлкі), жат жұрттыққа жаралған, күйеуге тиді, қалың мал, қыз жасауы, қыз енші, қыз көші, қыз танысу, қыз ояту, қыз қашар, сыңсу, тұрмысқа шықты, тесік моншақ жерде қалмас, оң жақ, шаш сипар*, т.б.

Қыз – әке-шешенің, елінің еркесі, ауыл көркі. Қазақ қызын әлпештеп, сәндеп, еркелетіп, еркін өсірген және сан түрлі өнерге баулыған. Сондықтан гендерлік мақал-мәтелдерде қыз тәрбиесіне үлкен мән берілген. Мысалы: *Қыз әкесіне – жұлдыз, шешесіне – күн; Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі; Келінім саған айтам, қызым сен тыңда; Қызға қырық үйден тиым, қырық үйден қарауыл; Қызды ауыл – көңілді; Өсектен сау сонау қыз, шайқалмаған сары уыз; Сыпайы қыз сұлу көрінер* сияқты мақал-мәтелдерден қыздың сүйкімді, сұлу, сыпайы бейнесіне қанық боламыз, әрі ұлттық тәлім-тәрбие берудің гендерлік қырларын тани түсеміз.

Қазақ халқында сұлу қызға, әйелге қатысты *қарға аунаған түлкідей, балға ашытқан қымыздай, қысыр емген тайдай, ақ бөкеннің құралайындай, оттай ойнақшыған, сұқсырдай сыланған, үлбіреген қырдың қызғалдағына ұқсап, аршыған жұмыртқадай, қамыстай әдемі тұлғасы, ай мен күндей әлемге бірдей, ақ маралдай керілген, шомылып көлге шыққан құдай, аққудың көгілдіріндей* т.б. теңеулер кездеседі [10]. Жоғарыда келтірілген теңеулердің барлығы қазақ халқының дүниетанымын, өмірге көзқарасын, сұлулық туралы талғамын көрсетеді. Әйелдің сұлулығын қазақ халқы күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтымен байланысты түрлі зат, құбылыстармен ассоциациялану, соларға ұқсату нәтижесінде жасалады.

Татар халқы да өз қыздарының сұлулығын табиғатпен салыстырады. Мысалы, қыздың жүзі ай нұрындай (ай нуры), күн нұрындай (қояш нуры), алма жүзі (алма бит); қара бұйра шаштары (бвдрэ чэч), қарлығаштың қанатындай қастары (қыйгач каш; кашы-кузе қыелган; каракаш), сүліктей сұлу (су свлегедэй зифа буйлы), жіңішке бел (нечкэ бил); кәмпиттей тәтті (суырып йотарлык гузэл). Сонымен қатар татар тілінде де қыз сұлулығын көрсету үшін аузы оймақтай (авызы уймак кебек), маржандай тістері (теше энжедэй), шиедей еріндері (ирене чиядэй), тал шыбықтай (буе зифа яшь тал кебек) секілді теңеулер қолданылады.

"Қыздың көркі-шаш, шаштың көркі-шаштеңге" демекші, қазақ халқы шашты сұлулық пен мәдениеттілік белгісі ғана емес, әйелдер қауымына



берілген Алланың айрықша сыйы деп ерекше қарап, құрметтеген. «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», – деп жырға қосқан. Одан қалса, данагөй ата-бабаларымыз «шаштың киесі бар» деп қыз-келіншектерді жалаңбас жүргізбеген және шашының бір талын да кез келген жерге тастамаған. Сол сияқты татар халқында да «Хатыннарның зиннэте – чэчлэре» (Әйел көркі – шаш) мақал бар. Татар мақалдарында қыздың сыртқы сұлулығымен қоса, ішкі жан-дүниесінің сұлулығы да қозғалады. Татар тілдік танымында әдемілік әйелдің адамгершілік қасиеттерімен өлшенеді. Сыртқы сұлулық табиғаттың берген сыйы, ал ішкі жан-дүниенің сұлулығында терең мән жатыр: Хатын-кызны бизэктэн дэ бигрэк эдэп-нэзакэт бизи (Қыздың көркі қымбат әшекей емес, тәрбиелілігі).

Башқұрт әдебиетіндегі сұлу қыз қара қою қасты («Салимакай»), ұзын кірпікті («Кусбика»), сұңғақ бойлы («Пустил егет стрелу»), белден төмен түсетін бұрымды («Аргаяш»). Қыздың дене бітімін қамыс сабағына теңеп, «саусақтары қамыстай, тырнақтары күмістей» («Бибиқайнур») секілді теңеулер келтіріледі.

«Буялған кызын - алған кыз якши» (башқұрт тілінде) башқұрт мақалында әдемі қыздан тәрбиелі қыз жақсы екендігін көрсетеді. Башқұрт халқының танымында қыздың сұлулығы басқа да маңызды қасиеттермен байланыстырылады. Қыз үшін ең басты қасиеттердің бірі ақыл (ақыл). «Матур кыз – күз өсөн, ақыллы кыз – йөрэк өсөн» (Әдемі қыз көзге ғана, ақылды қыз жанға дауа).

Қыз – жат жұрттық, Қыз – қонақ деп келген қазақ халқы қыз бала дүниеге келгеннен бастап, жасауын жинап, алдын-ала айттырып, қызды ұзатуға, отау иесі болуға дайындайды. Тіліміздегі қызға байланысты мақал-мәтелдердің біразы қыз – қалыңдық гендерлік бейнесін сабақтайды. Айталық, *Қыз бала – өріс; Күйеу келсе, қыз тұрмас; Қызды таныс алады, таныс алмаса қоныс алады; Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер; Қыз жігіттікі, қымыз көптікі; Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды.* Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, халық ұғымында қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінен қыздың өзгелерден ерекше гендерлік бейнесін қыз – ару, қыз – бойжеткен, қыз – қалыңдық деп саралауға болады.

### **Қорытынды**

«Ұл туса - ұрпағымның өскені, қыз туса - ұлтымның өскені» деп халық даналығында айтылғандай, қоғамдағы әйелдер орны айрықша зерттеп, зерделеуді керек ететін өзекті тақырып екені даусыз. Қазіргі әлемдік қауымдастықта әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны туралы мәселелер зерттеушілер тарапынан әрдайым қызығушылық тудырып отырады. Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шындап отырған» деп қазақ әйелдерінің отбасындағы және қоғамдағы орнына баға берген болатын. «Ұлтты қыз сақтайды» деген аталы сөзді басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздің негізін құраушы халықтың қыз балаға ерекше қамқорлықпен қараған дәстүрлі тағылымына орай, қазақ тіліндігі «қыз»

концептісінің басқа түркі тілдерімен салыстыра отырып мақал-мәтелдер арқылы табиғатын ашуға тырыстық. Талқылау бөлімінде «қыз» концептісін қыз тәрбиесі, қыздың сұлулығы және қыз бейнесі арқылы ашып, мақал-мәтелдер сараланды.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қашқари М. Түрік сөздігі/ М.Қашқари. – Алматы: Хант, 1997. – 590 б.
- [2] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 560 б.
- [3] Сарыбекова Ж.Т. Бүгінгі күн тұрғысындағы қыз тәрбиесімен ежелгі қыз тәрбиесінің сабақтастығы. Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі: халықаралық ғылыми конференциясының жинағы (5-сәуір, 2019 жыл). – Атырау: «Инфорсервис» Баспа орталығы, 2019. – Б.4-9.
- [4] Губанова Э. С., Юнусова Г. М., Хабибуллина А. И., Минахметов А. А. Сопоставительный анализ концепта «красота» в английском, русском и башкирском языках // Молодой ученый. – 2015. – №3. – С. 24-28. <http://yun.moluch.ru/archive/3/155/24.07.2019>
- [5] Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 466 с.
- [6] Фатыхова Ф.Ф. Гендерный аспект возрастных категорий в башкирском языке // Гендер: язык, культура и коммуникация: доклады первой международной конференции (Gender: language, culture and communication: reports of the first international conference). – М.: 2001. – С. 347-351
- [7] Нүсіпоқасұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. // «ӨНЕР 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 592б. 3б. Бұрымды қыз... <https://massaget.kz/blogs/16047/>
- [8] Левшин А. И. «Қырғыз-қайсақ және Қырғыз-қазақ ордалары мен даласын сипаттау» (Академик М.К. Козыбаевтың жалпы редакциясымен). – Алматы, "Санат", 1996. – 656 б. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1654> © e-history.kz
- [9] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712б.
- [10] Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 320 б.

### REFERENCES

- [1] Qaşqari M. Türik sözdıgı [Turkish dictionary]. – Almaty: Hant, 1997. – 590 b. [in Kaz.]
- [2] Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1986. – 560 b. [in Kaz.]
- [3] Sarybekova J.T. Bügingı kün türğysındağy qyz tärbiesimen ejelgi qyz tärbiesinıñ sabaqtastyğy. Üly dala arularynyñ Eurazia tarihyndağy röli: halyqaralyq ğylymi konferensiasynyñ jinağy [The continuity of ancient girl education with girl education in the context of today. The role of the Great Steppe beauties in the history of Eurasia: collection of the international scientific conference) (5-säuir, 2019 jyl]. – Atyrau: «İnforservis» Baspa ortalyğy, 2019. – 4-9 b. [in Kaz.]
- [4] Gubanova E. S., İunusova, G. M., Habibullina, A. İ., Miniahmetov, A. A. Sopotavitelnyi analiz konsepta «krasota» v angliskom, russkom i başkirskom iazykah [Comparative analysis of the concept of "beauty" in English, Russian and Bashkir languages] // Molodoi uchenyi. – 2015. – №3. – S.24-28. <http://yun.moluch.ru/archive/3/155/24.07.2019>[in Rus.]
- [5] İstoricheskoe razvitie leksiki türkskih iazykov [Historical development of the vocabulary of the Turkic languages]. – M.: İzd-vo AN SSSR, 1961. – 466 s. [in Rus.]
- [6] Fatyhova F.F. Gendernyi aspekt vozrastnyh kategori v başkirskom iazyke [The gender aspect of age categories in the Bashkir language] // Gender: iazyk, kültura i kommunikasia: doklady pervoi mejdunarodnoi konferensii. – M., 2001. – S. 347-351. [in Rus.]

[7] Nüsipoqasūly A. Tal besikten jer besikke dein [From the willow cradle to the Earth cradle] // «ÖNER 21 ğasyr» qoғamdyq qory, 2014. – 592b. 3b. Būrymdy qyz...<https://massaget.kz/blogs/16047/> [in Kaz.]

[8] Levšin A. İ. Qyrğyz-qaisaq jäne Qyrğyz-qazaq ordalary men dalasyn sipattau [Description of the Kyrgyz-kaisak and Kyrgyz-Kazakh hordes and steppes]. (Akademik M.K. Kozybaevtyñ jalpy redaksiasy men). – Almaty, "Sanat", 1996, – 656 b. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1654> © e-history.kz [in Kaz.]

[9] Keñesbaev I. Qazaq tiliniñ frazeologialyq sözdıǵı [Phraseological Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1977. – 712b. [in Kaz.]

[10] Qoñyrov T. Qazaq tiliniñ tūraqty teñeuler sözdıǵı [Dictionary of regular parables of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1990. – 320 b. [in Kaz.]

## ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ГЕНДЕРНОГО КОНЦЕПТА "КЫЗ" (НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСКОГО, БАШКИРСКОГО, ТАТАРСКОГО ЯЗЫКОВ)

Шокым Г.Т.<sup>1</sup>, \*Буранкулова Э.Т.<sup>2</sup>, Муратбек Б.К.<sup>3</sup>

<sup>1, \*2,3</sup> Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова  
Актобе, Казахстан

**Аннотация.** Одной из тем гендерной лингвистики, которая сегодня нуждается в изучении, является концепт «девушка». Цель статьи – определить роль и место девочек в жизни общества, национальной культуре, характеризующие ее языковые данные в лингвокультурном направлении, объяснить лексико-семантическое, концептуальное содержание концепта «девушка» в контексте предметного уровня знаний и изучение гендерного концепта «кыз» на казахском, башкирском, татарском языках, выявление общих единиц для трех языков. Известно, что антропогенная направленность изучения языка напрямую связана с лингвистическим фактором человека в языкознании, с проблемой функционирования языка человеку, с раскрытием природы человека через язык. В предлагаемой статье анализируется гендерный концепт «девушка» и сформированные выводы по данному вопросу. Научная значимость статьи выражается в взаимном сопоставлении теоретических выводов, относящихся к гендерному понятию «кыз» и обосновании на практическом уровне путем анализа данных. В анализе проблем, поднятых в статье, опирались на исследования и выводы российских, казахстанских ученых. Исследование проводилось методом лингвистического анализа текста, методами описательного, семантического, этнолингвистического, когнитивного анализа, систематизации, группировки с диахронно-синхронной точки зрения. В основном заключении статьи был объяснен конкретный пример гендерного концепта «девушка».

Ценность статьи определяется тем, что содержание и основные выводы статьи могут служить материалом для исследований в области гендерной лингвистики. Практическая значимость связана с демонстрацией образцов анализа, выявлением общих единиц татарского, башкирского, казахского языков. В статье обобщены фразеологизмы и пословицы, используемые в татарском, казахском, башкирском языках, относящиеся к понятию «Кыз», проанализировано их отношение к национальному познанию.

**Ключевые слова:** национальное познание, концепт, языковая картина мира, гендерная лингвистика, фразеология, макроконцепт, микроконцепт, антропогенный

## ETHNOCULTURAL FEATURES OF THE GENDER CONCEPT "KYZ" (BASED ON THE KAZAKH, BASHKIR, TATAR LANGUAGES)

Shokym G.T.<sup>1</sup>, \* Burankulova E. T.<sup>2</sup>, Muratbek B.K.<sup>3</sup>

<sup>1, \*2,3</sup> K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

**Abstract.** One of the topics of gender linguistics that needs to be studied today is the concept of "kyz". The purpose of the article is to determine the role and place of girls in the life of society, national culture, the linguistic data characterizing it in the linguocultural direction, to explain the lexico-semantic, conceptual content of the concept "kyz" in the context of the subject level of knowledge. It is known that the anthropogenic orientation of language learning is directly related to the linguistic factor of a person in linguistics, with the problem of language functioning to a person, with the disclosure of human nature through language. The proposed article analyzes the gender concept of "kyz" and the formed conclusions on this issue. The purpose of the article is to study the gender concept of "kyz" in Kazakh, Bashkir, Tatar languages, to identify common units for three languages. The scientific significance of the article is expressed in the mutual comparison of theoretical conclusions related to the gender concept of "kyz" and justification at the practical level by analyzing data. The analysis of the problems raised in the article was based on the research and conclusions of Russian and Kazakh scientists. The research was carried out by the method of linguistic analysis of the text, methods of descriptive, semantic, ethnolinguistic, cognitive analysis, systematization, grouping from a diachronic-synchronous point of view. In the main conclusion of the article, a specific example of the gender concept of "kyz" was explained.

The value of the article is determined by the fact that the content and main conclusions of the article can serve as material for research in the field of gender linguistics. Practical significance is associated with the demonstration of samples of analysis, the identification of common units of the Tatar, Bashkir, Kazakh languages. The article summarizes phraseological units and proverbs used in the Tatar, Kazakh, Bashkir languages related to the concept of "kyz", analyzes their attitude to national cognition.

**Keywords:** national cognition, concept, linguistic picture of the world, gender linguistics, phraseology, macroconcept, microconcept, anthropogenic

*Мақала түсті: 13 қаңтар 2023*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Шоқым Гүлжан Тыныштықбайқызы – филология ғылымдарының докторы, АӨУ профессоры, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: shokum@mail.ru

Буранкулова Эльмира Темирбаевна – PhD, аға оқытушы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Муратбек Багила Курманбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: baglash@mail.ru

***Информация об авторах:***

Шоқым Гүлжан Тыныштықбаевна – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, e-mail: shokum@mail.ru

Буранкулова Эльмира Темирбаевна – PhD, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Муратбек Багила Курманбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, e-mail: baglash@mail.ru

***Information about the authors:***

Shokym Gulzhan Tynyshtykbaikyzy – Doctor of Philological Sciences, Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: shokum@mail.ru

Burankulova Elmira Temirbayevna – PhD, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Muratbek Bagila Kurmanbekkyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: [baglash@mail.ru](mailto:baglash@mail.ru)